

1. Ақпаратты оқу және талдау (көп таңдаулы сұрақ)



Сұрақ: Төмендегі мәтінді оқып, дұрыс жауапты таңдаңыз (бір немесе бірнеше жауап).

Мәтін:

Айжан жаңа мобильді қосымшаны жүктеп алды. Қосымша тіркелу кезінде толық аты-жөнін, ЖСН, тұрғылықты мекенжайын және телефон нөмірін енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, қосымша оның құрылысындағы барлық файлдарға, камераға және микрофонға кіру рұқсатын сұрайды. Айжан бұл талаптардың барлығын қабылдауы керек пе, әлде қандай да бір әрекет жасауы керек пе?

Сұрақ:

Айжанның қандай әрекеті дұрыс болады?

- A) Барлық талаптарды қабылдап, қосымшаны еш ойланбастан пайдалануды бастау.
- B) Қосымшаның рұқсат сұраулары мен құпиялылық саясатын мұқият оқып, тек қажет рұқсаттарды ғана беру.
- C) Барлық жеке мәліметтерді енгізуден бас тартып, қосымшаны қолданбау.
- D) Қосымшаның талаптарын басқа адамдармен бөлісіп, олардан кеңес сұрау.
- E) Қосымшаның ресми веб-сайтын немесе пікірлерді тексеріп, оның сенімділігін анықтау.

2. Статистиканы талдау (кестеге негізделген сұрақ, ашық 1 дұрыс жауап)

Кесте:

Төмендегі кестеде оқушылардың интернеттегі қауіпсіздік шараларын қолдану жиілігі көрсетілген.

Қауіпсіздік шарасы	2022 ж. (%)	2023 ж. (%)	2024 ж. (%)
Екі факторлы аутентификацияны қолдану	40	50	65
Бейтаныс адамдардан келген хабарламаларды ашу	35	30	25
Интернеттегі жеке мәліметтерді қорғау	55	60	75

Сұрақ:

2022 жылдан 2024 жылға дейін қай қауіпсіздік шарасын қолдану деңгейі ең жоғары өсті?

✓ Жауап: Екі факторлы аутентификацияны қолдану (% өсім)

3. Логикалық ойлау және шешім қабылдау (сәйкестендіру тапсырмасы)

Сұрақ: Төмендегі интернет қауіпсіздік мәселелерін оларды шешу жолдарымен сәйкестендіріңіз.

№	Мәселе		Шешім
1	Фишингтік шабуылдар	●	● А) Антивирус бағдарламаларын орнату және жаңарту
2	Әлсіз құпиясөздер	●	● В) Күдікті хаттар мен сілтемелерге баспау, жіберушіні тексеру
3	Вирус жұқтыру қаупі	●	● С) Ұзын әрі күрделі құпиясөздер қолданып, оларды үнемі өзгерту

4. Графикпен жұмыс

Сұрақ: Төмендегі диаграмма интернетте қауіпсіздік шараларын қолдану деңгейін көрсетеді.



Сұрақ:

Берілген деректерге сүйене отырып, қай қауіпсіздік шарасы ең аз қолданылады?

Жауап:

Ең аз қолданылатын қауіпсіздік шарасы –

5. Этикалық аспектілер және әлеуметтік нормалар (сұрақтың түрі: Дұрыс реттілігімен орналастыру)

Сұрақ:

Сіз сыныптасыңыз туралы мазақтап жасалған мемді (суретті) көрдіңіз. Қандай әрекеттерді дұрыс ретпен орындау керек?

Әрекеттер:

- ◆ Мазмұнды жасаған немесе бөліскен адамдармен сөйлесіп, олардың әрекетінің дұрыс емес екенін түсіндіру.
- ◆ Қажет болса, сыныптасыңызға қолдау білдіріп, мұғалім немесе ата-анаға хабарлау.
- ◆ Бұл мемнің сыныптасыңызға қалай әсер ететінін ойлау.
- ◆ Егер бұл кибербуллинг болса, оны қолдамау және таратпау.